

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай машина жасау саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 мамырдағы N 488 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай машина жасау саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі Болат Советұлы Смағұловқа әзірбайжан тарапымен келіссөздер жүргізуге және уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан 1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай машина жасау саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай машина жасау саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы

ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі,

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай машина жасау саласындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 9-

б а б ы н а

с ә й к е с ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгеріс енгізілсін:

Келісімнің 7-бабының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Республикасынан - Индустрия және сауда министрлігі".

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бакуде 2005 жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Әзірбайжан Республикасының

Үкіметі үшін